

«Бекітемін»
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК «
меңгерушісі А.М. Жанкешова



Қаралды: *Ж.Ж. Сағизбаева*
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
әдіскері Ж.Ж. Сағизбаева

«Ақбота» және «Бөбек» кіші тобына арналған музыка
ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасы

2025-2026 оқу жылы

«Бекітемін» 
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК «
менгерушісі А.М. Жанекешова

Қаралды: 
Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
әдіскері Ж.Ж. Сағизбаева

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің қыркүйек айына арналған циклограммасы

2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 02.09 - 05.09.2025ж
 08.09 - 12.09.2025ж

Қаралды: *Ж*
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

Қыркүйек айы.		
Міндеті	<i>Музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;</i>	
ҰІӘ тақырыбы:	<i>Бақшаға келемін</i>	
Күні:	<i>2 сағат</i>	
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің мақсаты:	<i>Балабақша туралы түсінік беру, әңгімелеу. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұнымен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге ән салуға баулу. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеруге үйрету. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру.</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>Билейтін әуендерге сәйкес қарапайым қимыл дарорындайды; әннің сипатын сезінеді; ересектер мен бірге ән салады.</i>	
Тілдік мақса:	<i>ойнақы-көңілді</i>	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	<i>Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді</i>	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	<i>Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсыалу. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіруді, серіппелі қозғалыс жасау, айналу дұрысынады. Қанша бала, қанша қыз, Бір шоқ гүлміз баршамыз! Ойын-күлкі ордасы Біздің балабақшамыз! – Балалар, өлеңденетуралы жазылған?</i>	<i>Балабақша өмірі туралы суреттер, нота хрестоматиясы</i>
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут	<i>– Біз балабақшадан не істейміз? – Балабақшасендерге ұнай ма? Сұрақарқылы балалардың жауап беруіне мүмкіндік жасау. Музыкатың дау: «Сәбиқуанышы» (Е. Хасанғалиев) – Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе? Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады? Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады. Әнайту. «Топ-топ, балақан» (М. Арынбаев, А. Асылбек) Ән айту кезінде иықты көтермей, денені тік ұстап айтуға дағдыландыру. Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің сипаты, мазмұны туралы түсіндіру. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІӘ-та жалғастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Достастық» беларусхалық әуені Би сипатын сезіне орындауға үйрету. Педагогтердің көрсетуімен би қимылдарын қайталауға, бірге жасауға үйрету. Муз-дидактикалық ойын: «Кел, балақан» (К. Қуатбаев) Ән-ойын мәтініне сай жай және қатты шапалақтау, аяқ топылдау арқылы динамикалық реңкті ажыратуға үйрету.</i>	
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	<i>– Қандай ән тыңдадыңдар? – Әннің сипаты қандай екен? Балабақшадағы достарың туралы не айта аласыңдар? Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.</i>	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 22.09 – 26.09.2025ж

Қаралды: *МБ*
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

ҰІӘтақырыбы:	Біздің қуыршақ	
Күні:	Ісағат	
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің мақсаты:	Қуыршақ ойыншығы арқылыбалалардың қызығушылығын арттыру. Сабырлысипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату,оныңбөліктерініңөзгеруін байқай білуге, ересектермен бірге ән салуға үйрету. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, әдептілікке тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже:	ырғақты сезінебиқимылдарыңқайталайды; сипатын, мазмұнын және көңілкүйінтүсінеді; ересектермен қосыла ән орындайды	
Тілдік мақсат:	ойыншық, қуыршақ	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Балалар үйренген әндерін зор ықыласпен орындайды. дыбыстарын бере алады. Өз шығармашылықтарын достарымен бөліседі.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут	«Балдырғандар маршы»ойналып, балалар педагогтің көрсетуімен әуенді қимыл-қозғалыстардыбіргеқайталайды.	қуыршақтар, нота хрестоматиясы
II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Шеңбербойыменжеңіләуенгеілесіпаяқтынықбасыпжүруге, серіппеліқозғалысжасау, айналу т.б. қарапайымбиқимылдарыңқайталауды ұсынады	
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмысминут	Балалардыңназарынүстелүстіндегіқуыршаққааударлады. Жуын, жуын, жуынсақ, Қандай жақсы, қуыршақ! Әйтпегенде, бөпешім, Кірлеп кеткен екенсің. Қазіраппақбаласың, Қуанадыанашың. (М.Жаманбашинов) Музыкатыңдау. «Кірқуыршақ»(И.Нүсіпбаев, Ж.Қашқынов) Әнніңмазмұнын, сипатынтүсіндіру. Балаларментазалықтуралыәңгімеөткізу. Әнайту: «Көңілдіқуыршақтар»(Г.Жотаева) Әндіорындапберіп, әуенінересектерменбіргеқосылаайтуғаүйрету. «Доп» (Б. Қыдырбек, А. Асылбек) әнін еске түсіру, қайталау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көңілді қуыршақтар биі» («Билепүйренейік» жинағынан). Қуыршақтарды ұстап, би қимылдарын орындауға үйрену. Әуеннің көңілді сипатына сайшираққимылдауын, мәнерлі билеуін қадағалау. Кел, балақан»(К.Қуатбаев, А. Асылбек) Ән-ойындыескетүсіру, пысықтау.	
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексияминут	Педагогоқуқызметінебелсенеараласқанбалаларғамақтауайтады, мадақтайды.	

«Бекітемін» *Намиш*
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК «
менгерушісі А.М.Жанкешова

Қаралды: *Ж.Ж.Сагизбаева*
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
әдіскері Ж.Ж.Сагизбаева

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің қазан айына арналған циклограммасы

2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы

Балалардың жасы: 2жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 29.09 – 03.10.2025; 06.10 – 10.10.2025ж

Қаралды: 

Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

Қазан айы.		
Міндеті	<i>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</i>	
ҰІӨ тақырыбы:	<i>Бұл қай кезде болады?</i>	
Күні:	<i>2 сағат</i>	
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ-нің мақсаты:	<i>Міндеті: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау, аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>Әуенге сәйкес қарапайым би қимылдарын орындайды; әннің көңіл күйін қабылдайды; аспаптың сүйемелдеуімен ән айтады.</i>	
Тілдік мақсат:	<i>күзмезгілі, атырап</i>	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	<i>Өткен сабақта қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды? Өткен сабаққа шолу жасау.</i>	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<i>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут</i>	<i>Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; суреттер көрсету арқылы табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу.</i>	<i>түрлі түсті жапырақтар; түрлі түсті құрсаулар, нотахрестоматия</i>
<i>ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут</i>	<i>Қауын, қарбыз, қияр, сәбіз Дүкендерге түседі. Алма, алыша, жүзім, өрік Бәрі уылжып піседі. Айтыңдаршы, балақандар, Бұл қай кезде болады? Балалардың жауаптары тыңдалады. Музыка тыңдау: «Күз – жомарт» (Д. Ботбаев, Е. Өтетілеуұлы) Түрлі сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін тыңдау. Әнайту: «Күз келді» (А. Досмағамбетова) әнін педагог орындап, әннің мазмұны, сипаты туралы түсіндіреді. Екінші рет орындап, ән әуеніне «ля-ля» буынымен қосыла айтуды ұсынады. Келесі ҰІӨ «Көңілді қуыршақтар» (Г. Жотаева) – таныс әнді қайталау. Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап! Балаларды жапырақтар мен билеуге шақырады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А. Аренский) Балаларға түрлі түсті жапырақтар таратылады. Әуен ырғағына сәйкес би қимылдарын көрсетіп, қайталауды ұсынады. «Қуыршағымай» («Билеп үйренейік» жинағынан). Педагог таныс би қимылдарының элементтерін қайталауды ұсынады. «Жапырақтардың түсін ажырат» қимылды ойыны (сары, қызыл, жасыл, қызғылтсары). Әуен ойналып, әртүрлі түстегі жапырақтарды сол түске сәйкес қойылған құрсауларға ептілікпен, шапшаңдықпен жинау. Әуені музыка жетекшісінің таңдауымен.</i>	
<i>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия минут</i>	<i>Қорытынды бөлім. Рефлексия Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады? Күзде балалар қандай киімдер киеді? Жапырақтардың түстері қандай болады? Бүгінгі үйренген әніміз не туралы екен? Сұрақтар қою арқылы ҰІӨ бекіту.</i>	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 13.10 – 17.10.2025ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

ҮІӘтақырыбы:	Көңілді жаңбыр	
Күні:	I сағат	
ТОП:	Қатысқан балалар саны:	
ҮІӘ-нің мақсаты:	Музыканы есту, сезіну қабілеттерін дамыту. Сабырлы, жай сипаттағы аспапта орындалған пьесаны тыңдау, есте сақтауға үйрету; әннің көңіл күйін, мазмұнын түсінуге үйрету; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; би әуенін сипатына сай игеру.	
Күтілетін нәтиже:	Би әуенінің сипатын сезінеді ; пьесаны тыңдап, еске сақтайды; таныс әндерді бір қарқынды орындайды.	
Тілдік мақсат:	Қолшатыр	
Өткен ҮІӘ-нен алған білім	Өткен сабақтағы әнді қайталап айтып, қимылмен жасайды.	
ҮІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Педагогбалаларды күзгі жапырақтармен қарсы алып, билеуді ұсынады. «Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А.Аренский) би қимылдарын қайталау.	«Күн мен жаңбыр» үлестірмелі текшелер, қолшатырлар, нотахрестоматиясы.
ҮІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут	Бұлттар, бұлттар, аусаңшы Күркіреп, дүркіреп. Бұлттар, бұлттар, жаусаңшы, Сіркіреп, бүркіреп! Музыка тыңдау: «Күз» (С.Кибирова) Сабырлы, жай сипаттағы аспапта орындалған пьесаны мұқият тыңдап, есте сақтауға, сипатын ажыратуға үйрету. Әнайту: «Жау, жаңбыр» (Т.Сарыбаева, А. Асылбек) Әннің сипатын түсіндіріп, бірге қосыла орындауға үйрету. Әннің мазмұны туралы түсінік беру. «Күзкелді» (А.Досмағамбетова) әнін қайталау, ескетіріу. «Күзгі жапырақтар» атты ұжымдық жұмысты бірге тамашалау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Үнтаспада «жаңбыр» дыбысы естіліп, педагог балаларға кішкентай қолшатыр үлестіреді. Қолшатырды ашайық, Жаңбырдан біз қашайық! «Қолшатырлар биі». Әуен ырғағына сай би қимылдарын көрсетеді, қайталайды. «Күн мен жаңбыр» (Музыкалық-дидактикалық ойындар жинағынан). Шығарманың әртүрлі сипатына ажыратуға, көңіл күйін сезіне білуге баулу.	
IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	Жаңа ән не туралы екен? Қолшатыр не үшін қажет? – Тамшылардың дыбысы қандай? Балаларды мадақтау.	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
Балалардың жасы: 2жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 20.10 – 24.10.2025ж

Қаралды: *МБ*
Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

ҰІӘ тақырыбы:	Торғайлар
Күні:	Ісағат
ТОП:	Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің мақсаты:	Балаларға күз мезгіліндегі құстардың іс-әрекеті туралы түсінік беру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтауға, әуен сипатына үн қатуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуіндегі ідауысына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Құстарға қамқорлық жасауға шақыру.
Күтілетін нәтиже:	Музыка ырғағымен қозғалып, қарапайым қимылдарды орындайды; Әртүрлі сипаттағы пьесаларды тыңдайды; музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен таныс әндерді айтады.
Тілдік мақсат:	торғай, ұя
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Өткен сабақта қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды? Өткен сабаққа шолу жасау.

ҰІӘ өтілу барысы

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру у 3-5 минут	Танысмаршәуені ойналып, балаларға ырғақпен нық басып келеміз! Бір, екі, үш! Көңілді жүреміз! Бір, екі, үш!	торғай суретіне мессе ойыншық торғай; торғайлар және мысық атрибуттары, ойынға арналған жiп, нота хрестоматиясы.
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут	Балалар, мұнда келiңдер, Қызықты көрiңдер! Торғай ұшып келiптi, Үйүстiне қоныпты. (Үнтаспадан торғайлардауы сьестiледi). Шик-шиқ етiп дыбыстайды, Ешбiр құстан қалыспайды. Тұмсығымен жершоқып, Тары, бидай тередi. Музыка тыңдау: «Құстар жемшоқиды» (Е. Тиличеева). Аспапта орындалған шығарманы тыңдап, сипатын анықтайды. Ән айту: «Торғай» (А. Райымқұлова) әнi орындалып, тыңдалады. Әндi қайталап айтып, балаларға мәтiн гесай өзбеттерiнiше қимылмен көрсетулерiн сұрайды. Келесi кезекте балаларға торғай атрибуттары кiгiзiледi. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Қолшатырлар биiн» қайталау, әуенге iлесе жапырақтарды жоғары көтеретер белек қозғалуын, ескесактауға үйрету. «Мысық пен торғайлар» ойыны («Құстар» Л. Банников) әуенiнiң ырғағымен iлесе қолдарын созып, «үшуларын» сұрайды. Үйшiк шатырында отырған ойыншық мысықты көрсетiп: Ала мысық пырылдап, жалықпайды, ұйықпайды, Торғайды аңдып шатырдан күнi бойы шықпайды. Мияу-мияу... – деп балаларды «торғайларды» сақтандырады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып, «сымдарға» – ұзын жiпкетiзiлiп, қонып үлгерулерiн қадағалайды.	
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	Шик-шиқ еткен торғайды Қорғамаса қолмайды. Қамқорлыққа алайық, Ұясын асалайық. – Балалар, топта тәрбиешiмен бiрге торғайға ұя жасап берейiк. Балаларға бүгiн күннiң көңiлдi өткенiн айтып, мадақтайды.	

«Бекітемін» 
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК «
менгерушісі А.М. Жанекешова

Қаралды: 
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
әдіскері Ж.Ж. Сағизбаева

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің қараша айына арналған циклограммасы

2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
Балалардың жасы: 2жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 10.11 – 14.11.2025; 17.11 – 21.11.2025ж

Қаралды: *Ж*
Әліскер: Сағизбаева Ж.Ж.

ҰІӘ тақырыбы:		Сылдырмақтар әуені
Сүні:		2 сағат
ҰОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің мақсаты:	<i>Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға, әндегі жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуі мен бірге қосылып әнді орындау, сылдырмақтың дыбысталу динамикасын еске сақтауға, ажырата білуге үйретуді жалғастыру.</i>	
Сүтілетін нәтиже:	<i>Әуен ырғағына, ән мәтініне сай сылдырмақпен би қимылдарын жасайды; Балалар аспабының дыбысталуын ажыратады; Аспаптың сүйемелдеуі мен бір қарқында таныс әндерді айтады.</i>	
Үлдік мақсат:	<i>сылдыр-сылдыр</i>	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	<i>Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді</i>	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 1-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	<i>Көңілді таныс әуен екпінімен шеңбер бойымен жүру, жүзгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасау.</i>	<i>баласаны бойынша сылдырмақтар.</i>
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут	<i>Қолымызда сылдырмақ, Сылдыр-сылдыр етеді. Аяғымыз топылдап, Өзібилеп кетеді. Әнайту: «Сылдырмақ» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай) Жаңа әнді музыка жетекшісі орындап береді. Аспаптың сүйемелдеуімен ән әуенін бірге қосыла орындауын қадағалау. Әннің 1-шумағының сөзін үйретіп, екі қатардан әнге қосады. «Шар» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев) Музыка тыңдау: «Сылдырмақ» (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек) Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдау, дыбыс биіктігін ажыратуға үйрету. Әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдайды. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кішкентай би» (Н. Александрова (қайталау)). Ырғақты сезіне, мәнерлі, өзара қол ұстасып, шеңбер бойымен жүруге үйрету. «Сылдырмақпен ойын» (Б. Дәлденбай). Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, қолдарына сылдырмақтар беріледі. Музыка ырғағына сай сылдырмақты сылдыратып, әуен дауысы бәсеңдегенде арттарына жасырып, шеңбер бойымен ақырын басып жүреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отырақалу.</i>	
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	<i>Бүгін қандай ән тыңдадыңдар? Ән қандай екен? Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып, мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.</i>	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 24.11 – 28.11.2025ж

Қаралды: *Ж*
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

ҰІӨ тақырыбы:	<i>Мерекелік ән мен би</i>	
Күні:	<i>1 сағат</i>	
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ-нің мақсаты:	<i>Шығарманы соңына дейін тыңдауға, пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялықкөңілкүй танытабілуге үйрету. Бірдейқарқындаәнсалуга, бірінің артынанбіріжүру барысында ырғақты және музыканың би сипатын игере жүруге дағдыландыру. Балаларғамерекелік көңілкүй сыйлау.</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>марш сипатын сезіне, жалаушалармен би қимылдарын орындайды; пьесаның көңілді мазмұнын түсінеді; таныс әндерді бір қарқында айтады.</i>	
Тілдік мақсат:	<i>жалауша, көкпеңбек</i>	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	<i>Өткен сабақтағы әндерді қайталау, еске түсіру, тыңдаған шығармалар не жайында болғанын еске түсіру. Ырғақты әндерге қосылып қимыл-қозғалыстар жасау.</i>	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	<i>Балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады. Педагогтің таңдауымен таныс әуен ырғағымен ілесе адымдап, нықбасып жүруді ұсынады. Балалардың ырғақты тыңдап, жеңіл жүгіруін қадағалайды.</i>	<i>баласанына сай жаулаушалар, сылдыр мақтар, нотахрес томатиясы.</i>
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут	<i>Балаларға мерекелік күндертуралы түсіндіру. Мереке күнінің басқа күндерден айырмашылығын, адамдардың ән салып, би билеп, қуанышты көңіл күйде болатындығын әңгімелеу Көңілді, көңілді Әндерді шырқаймыз. Көгілдір, көгілдір Туларды бұлғаймыз! Музыка тыңдау: «Шашу» (Е. Брусилковский). Пьесаны соңына дейін тыңдап, еске сақтайды, эмоциялық көңіл күй танытуларын байқау. Әнайту: «Мерекелік ән мен би» (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек). Әнді орындап беріп, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші рет орындалғанда әннің әуеніне қосылып айтуға үйрету. 1-шумақ сөздерін қайталату. Әнайту ережелерін еске салу. Келесі ҰІӨ-детаныс әндерді қайталап еске түсіру. «Шар» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев), «Сылдырмақ» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай) әндерін қайталау. Бірін-бірі тыңдай отырып, бірдей қарқында айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Марш» (М. Робер). Жалаушалар ұстап, бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың сипатын игере мәнерлі орындауға үйрету. «Сылдырмақпен ойын» (Б. Дәлденбай). Әуенді тыңдап, ырғағы мен мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Ойынды еске сақтап, белсене қатысуға баулу.</i>	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	<i>Бүгін қандай ән тыңдадыңдар? Мерекеде көңіл күй қандай болады? Жалауларды қалай бұлғаймыз? Әннің сипаты қандай екен? Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.</i>	

«Бекітемін» 
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК «
менгерушісі А.М.Жанекешова

Қаралды: 
Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
әдіскері Ж.Ж.Сагизбаева

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің желтоқсан айына арналған циклограммасы

2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 01.12 – 05.12.2025ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

Желтоқсан

Міндеті	<i>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</i>	
ҰІӘ тақырыбы:	<i>Шыршамызға арнаймыз</i>	
Күні:	<i>1 сағат</i>	
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің мақсаты:	<i>Музыка сипаты арқылы табиғат ерекшеліктеріне көңіл бөлу, қыс мезгілі туралы түсіндіру; ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету; аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; вальс әуенімен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау.</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>Вальс әуеніне қарапайым би қимылдарын орындайды; әннің сипатын сезінеді; аспаптың сүйемелдеуімен ән айтады.</i>	
Тілдік мақсат:	<i>шырша, арша</i>	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	<i>Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді</i>	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	<i>Үнтаспада «Жаңа жыл» (Б. Бейсенова) әні орындалып, балаларды қарсы алу. Көңілді ісеруенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды. Әннің 1-ші шумағында қол ұстасып, зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Қайырмасында бір орындатурып, қол шапалақтайды. 2-ші шумағында ойыншық шырша айналасында шеңбер бойымен қол ұстаса айналу қимылдарын үйрету</i>	<i>ойыншық шырша, «ақшақарлар» – қар әшекейлері; «қарлар» және қоратшалар, нота хрестоматиясы.</i>
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут	<i>Қыс мезгілі туралы, табиғаттағы ерекшеліктерді түсіндіру. Шыршаның суретін немесе кішкентай шыршаны көрсету. Жаңа жыл меркесі туралы әңгімелеу. Тамаша, тамаша, Шыршамыз түр жараса. Басында әсем жұлдызы, Көз тоймайды қараса. Музыка тыңдау: «Жаңажыл» (Қ. Шілдебаев) Ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету. Әннің мәтінін түсіндіріп, сипаты туралы әңгімелеу. Әнайту: «Арша» (Б. Қыдырбек, И. Сапарбай) Әнді орындап беру. Мазмұны туралы сұрап, көңілді, ширақ орындалатынын түсіндіру. Әннің әуенін бірнеше рет қайталап, үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Ақшақарлар» биі (Вальс П. Чайковский) Балалар «ақшақарлар» – қар әшекейлерін ұстап, педагогтің көрсетуімен мәнерлі би қимылдарын жасайды. «Қар лақтыру» ойыны («Балалар полькасы» А. Жилинский) Көңілді әуен ойналғанда шапшаңдықпен «қар лақтырысу», әуен тоқтағанда шапшаңдықпен «қарларды» жинап, безендірілген қоратшаларға салу.</i>	
IV. ҰІӘ-нің қорытындыс Рефлексия минут	<i>Қыс мезгілі сендерге ұнайыма? Шыршаны қалай әсемдеп, сәндейміз? Бүгін қандай ән үйрендік? Балалардың орындаған ән-би, ойын әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.</i>	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 08.12 – 12.12.2025ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

ҰІӘ тақырыбы:		Аққала
Күні:		1 сағат
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің мақсаты:	Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау, әуен сипатына үнқату, оның бөліктерінің өзгеруін ажыратып, би қимылдарын орындау; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканы тыңдауға, ырғақты сезіне білуге үйрету.	
Күтілетін нәтиже:	Әуен сипатына сай би қимылдарын орындайды; әннің көңілді сипатын түсініп, көңіл күйін қабылдайды; таныс әндердің қарқынын, ырғағын сезініп айтады.	
Тілдік мақсат:	аққала, топбала	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру. 3-5 минут	Музыка жетекшісі балалармен амандасады, қолдарына «ақшақарлар» – қар әшекейлерін беріп, таныс «Ақшақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский) қимылдарын үйретуді жалғастырады.	Аққала суреті; «ақшақарлар», «қар» әшекейлері; «сиқырлы таяқша», нотахрестоматиясы.
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут	Жұмбақ: Сәбіз мұрын кімде бар, Шелек киген басына, Айтыңдаршы, балалар, Сонымен ол кім екен?(Аққала) Аққаланың, балалардың қысқы ойынын бейнелеген көрнекілік суреттер көрсету, әңгімелеу. Аққаланың қардан жасалатынын түсіндіру. Музыка тыңдау: «Ақшақар» әні (К.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов) Көңілді сипаттағы әннің мазмұнымен көңілкүйін, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Ән айту: «Аққала» (Б.Дәлденбай, Ж.Әбдірашев) Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып айтуға, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу. Бір қалыпты қарқынмен ән сипатына сай орындауға баулу. Таныс ән: «Арша» (Б.Қыдырбек, И.Сапарбай) – қайталау, сөздерін пысықтау, еске түсіру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Полька» (В. Косенко) Балалар әуеннің 1-бөлімінде шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді, 2-бөлімінде жұптасып, қол ұстасып айналады. «Сиқырлы таяқша» ойыны. Таныс көңілді әуен ырғағына өз еріктерінше би қимылдарын жасайды. Әуен тоқтағанда, «сиқырлы таяқшадан» қашып, «үйшік»- құрсауларға кіріп үлгеру. Ойын 2-3 рет қайталанады.	
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	Балалар, қандай ойын ойнадық? Бүгінгі үйренген әніміз қалай аталады? Ата-анасының көмегімен аққаланың суретін салып келуді ұсыну. Бүгінгі күннің өте көңілді болғанын айтып, көңілді қоштасып шығарып салу.	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 08.12 – 12.12.2025 ; 15.12 – 19.12.2025ж

Қаралды: 

Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

ҰІӨ тақырыбы:		Қысқы әуен
Күні:		2 сағат
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ-нің мақсаты:	Музыканы тыңдау, мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; ересектермен бірге ансамбуга, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету. Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.	
Күтілетін нәтиже:	Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін жасайды; түсінеді: музыканың мазмұны мен көңіл күйін қабылдайды; қолданады: аспаптың сүйемелдеуімен таныс әндерді айтады.	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	жаңажыл	
Өткен сабақта қандай тақырыпта ән айтып, қандай қимыл жасағанымызды еске түсіреміз. Қандай музыкалық шығарма тыңдағанымызды, не туралы әңгіме жүргізгенімізді пысықтаймыз.		
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	«Полька»(Б.Сметана)әуені ойналып,балаларды көңілді қарсы алу. Балалар әуеннің 1-бөлімінде шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді, 2-бөлімінде жұптасып, таныс би қимылдарын қайталау,қол ұстасып айналу, би қимылдарын бекіту	шырша, жаңа жыл мерекесін бейнелейтін суреттер, нота хрестоматиясы
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмысминут	Балаларға демалып отыруды ұсынады. Шырша, жаңа жыл мерекесін бейнелейтін көрнекілік суреттерді көрсетіп, әңгімелеу. Музыка тыңдау: «Шырша»(Ж.Мұхамеджанов) Әннің мазмұнын түсініп, әңгімелеп беруге үйрету. Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады. Сақалы аппақ күмістей, Тістері аппақ күріштей. Қызыл ала шапаны, Сағындық Аяз атаны! Ән айту: «Аязата» (Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев) Әнді орындап, мәтініне балалардың көңілін бөлу. Ән екінші рет орындалғанда әннің мазмұнына сәйкес би қимылдарын үйрету,ересектермен бірге қосыла айту. Келесі ҰІӨ-де «Аққала» (Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев), «Арша» (Б. Қыдырбек, И. Сапарбай) – таныс әндерді қайталау, еске түсіру. Әннің әуеніне қосылып, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін ескесату. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Ақшақарлар» биі («Вальс»П. Чайковский) Педагогтің көрсетуімен әуенмен бірге ырғақты сезіне, би қозғалыстарының қарапайым элементтерін үйретуді жалғастыру. «Қарлақтыру» ойыны(«Балалар полькасы» А.Жилинский) Көңілді әуен ойналғанда шатшаңдықпен «қарлақтырысу», әуен тоқтағанда шатшаңдықпен «қарларды» жинау, безендірілген қоратшаларға салу	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	Бүгін қандай ән тыңдадыңдар? Әннің сипаты қандай екен? Аяз ата туралы не білесіңдер? Орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.	

«Бекітемін» *Molodt*
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК «
менгерушісі А.М.Жанкешова

Қаралды: *Ж.Ж.Сағизбаева*
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
әдіскері Ж.Ж.Сағизбаева

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің қаңтар айына арналған циклограммасы

2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 05. 01. - 9.01.2026ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

Қаңтар		
Міндеті	<i>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейінкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</i>	
ҮІӨ тақырыбы:	<i>Қоянда қонақта</i>	
Күні:	<i>1 сағат</i>	
ТОП:	Қатысқан балалар саны:	
ҮІӨ-нің мақсаты:	<i>Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуі мен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарын дақорсете білу.</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>Әуен ырғағын сезіне, жануарлардың қимыл-қозғалысын көрсетеді; таныс әндер мен пьесаларды біледі; Әннің кіріспесін тыңдап, әнді сипатына сай орындайды.</i>	
Тілдік мақсат:	<i>Паровоз, пойыз, «пи-пи», «пух-пух», «гу-гу-гу»</i>	
Өткен ҮІӨ-нен алған білім	<i>Балалар өздері білетін әндерді қайталайды., би қимылдарын көрсетіп, өз армандары туралы әңгімелейді</i>	
ҮІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	<i>Балаларды көңілді қарсы алу. Үнтаспада пойыз дауысы естіледі. Пойызға біз барайық, Вагоннанорыналайық, – деп, «вагондарға» – тізбектелген орындықтарға жайғасып отыру.</i>	<i>қысқы орман көрінісі, «паровоз» макеті, «қар үйіндісі», ойыншық кояннаю, аю үйшігі,</i>
ҮІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмысминут	<i>Ал паровоз бастайды, Пыш-пыш, пух-пух, Ән айтып біз қостайық. Әуен аяқталысымен балалар «көңілді пойыздан» түсіп, қысқы орманда «қыдырады». «Орманда» жүріп, «қар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Педагог ойыншық қоянды көріп, таңғалған кейіп танытады. – Балалар, қараңдаршы, мынау тығылып отырған аңды танисыңдар ма? Ақ қоян-ау, ақ қоян, Ұзын құлақ сақ қоян, Ақ қоян-ау, ақ қоян, Жүйрікқоян, саққоян. – Балалар, аққоян мен бірге секіріп, көңіл көтерейік, – деп ұсыныс айтады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Қояндар бии» (Ж. Оффенбах) ойналып, педагог балаларға әуенге ілесе өз еріктерініше қимыл қозғалыстар жасауды, жеңіл секіруді ұсынады. Музыка тыңдау: «Қояндар» (Е.Тиличеева). Пьесаны тыңдап, сипатына көңіл аудару. Көңілді, ойнақы әуенге эмоциялық көңіл күй танытуларын қадағалау. Ән айту: «Ақ қоян» әнін (Б.Аманжол, Н.Жанаев) екінші рет орындағанда, балалардың мәтінге сай қимылдарды көрсетуін сұрайды. Әннің 1-шумағын қайталап, сөздерін анық айтуға үйрету. Әуенге ілесе бірге орындауын бақылау. «Аязата» (Б.Дәлденбай, Ж.Әбдірашев (қайталау). «Қояндармен аю» ойыны («Қояндар маршы» А.Райымқұлова). Балалардың ойынға белсене қатысуын қадағалайды, әуен орындалып, үйшіктен тәрбиеші-аюшығады. Әуен қайта ойналып, аю би қимылдарын жасайды, балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.</i>	
IV. ҮІӨ-нің қорытындысы . Рефлексия минут	<i>– Қоян қалай билейді екен? – Сендерге қоян мен бірге болған ұнадыма? «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. «Пойыз» дауысы естіліп, бірінші соңынан бірі қатарласа жүреді. Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.</i>	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 12.01 – 16.01.2026ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

ҮІӘ тақырыбы:		<i>Ақтиін</i>
Күні:		<i>1 сағат</i>
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҮІӘ-нің мақсаты:	<i>Міндеті: Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге, музыкалық сүйемелдеумен бі рқарқында ән салуға баулу; жұптаса отырып ырғақты сезінеби Қимылдарын орындауға үйрету; музыкалық қабілеттерін әрі қарай дамыту.</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>Жұптаса ауысаотырып, би қимылдарын орындайды; Музыканытың даудағдысын меңгереді; Музыкалық шығарманың қарқынын ажыратады.</i>	
Тілдік мақсат:	<i>тиін, жаңғақ</i>	
Өткен ҮІӘ-нен алған білім	<i>Өткен сабақтағы әндерді қайталау, еске түсіру, тыңдаған шығармалар не жайында болғанын еске түсіру. Бірғақты әндерге қосылып қимыл-қозғалыстар жасау.</i>	
ҮІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	<i>Балаларды көңілді қарсы алады. Педагогтің таңдауымен балаларға таныс әуен ырғағыменшеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасаудыұсынады.</i>	<i>ойыншықты ін, құрсау, жаңғақтар, себеттер, нот ахрестоматиясы</i>
ҮІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут	<i>Музыкатыңдау: «Полька» Б. Сметана) Музыкалықшығарманыэмоцияменқабылдауға, мұқияттыңдап, сипатын сезінуге үйрету. Көңілдіәуен ойналып, ортағатиінкеледі (тәрбиешінің қолында ойыншық тиін). Педагог: Балалар, бізге қонаққа келген бұл не? Танысыңдар ма? Тиін: Мен тиінмін, тиінмін, Қысқа жылы киіндім. Қоймам толы жаңғаққа, Іші жылы үйімнің. Тиін: Балалар, мен көңілді әуен әлемінен келдім. Маған көңілді әнайтып беріңдерші. Ән айту: «Ақтиін» (Н. Жанаев, Ә. Бейсеуов) Музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында қосыла, ән сөздерін анық айтуға үйрету. Әннің мазмұнына көңіл бөлу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көңілді би» (Ө. Байділдаев) Шығарманың 1-ші бөлімінде қол ұстасып айналу, 2-ші бөлімінде өкшелерін алға қою, екі аяқты бірге қою. Би 2-3 рет қайталанады. «Кімепті?» ойыны (Н. Ладухин) Музыка ойналып, 2 топқа бөлінген балалар жаңғақты түсіріп алмай, «қоймаға» – себеттергетасиды.</i>	
IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	<i>Балалар тиін қалай секіреді екен? Тиін қандай? – Бүгін сендер тиінге жаңғақ жинауға көмектестіңдер. Би билеп, ән салып, көңіл көтердіңдер. Жарайсыңдар! Тиін мен қоштасып, балаларды шығарып салады.</i>	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 19.01 – 23.01.2026; 26.01 – 30.01.2026ж

Қаралды: *Ж*

Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

ҮІӘ тақырыбы:		Көңілді достар
Күні:		2 сағат
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҮІӘ-нің мақсаты:	Түрлі қарқындағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, ажырата білуге үйрету; әндібірге бастап, қосыла айтуға, жануарлардың би қимылдарын ұқсата білуге, музыкалық аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажыратуға баулу	
Күтілетін нәтиже:	Жануарлардың қимылдарын ұқсатады; музыкалық аспаптардың дыбысталу динамикасына ажыратады; әуеннің басталуы мен аяқталуын біліп, әнді бірге айтады.	
Тілдік мақсат:	барабан	
Өткен ҮІӘ-нен алған білім	Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді	
ҮІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алу. «Полька» («Түлкі») В. Косенко) Шеңбербоймен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүзгіруді, бірорындасекіру, қарапайым би қимылдарын қайталауды ұсынады.	орман көрінісі, аю, қоян тиін, түлкі ойыншықтары, сылдырмақ, барабан аспаптары, нота хрестоматиясы.
ҮІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут	Балаларға отырып демалуды ұсынып, ән тыңдауға шақырады. Музыка тыңдау: «Не қалай дыбыстайды?» («Қасқыр», «Аю», «Түлкі» Д. Ботбаев). Жабайы аңдар туралы түсінік беру. Ән айту: «Ақ тиін» (Ә. Бейсеуов, Н. Жанаев) Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу. Келесі ҮІӘ-де таныс әндерді қайталау. «Ақ қоян» (Б. Аманжол, Н. Жанаев). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев). Аяқтарын нық баса, тізелерін көтере шеңбер бойымен адымдай жүруге үйрету. Ортаға ойыншық аюды ұстап, педагог шығады. Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай. Омартаны көргенде, Бас қоямын ойланбай (А. Асылбек) Аю: Сәлеметсіңдер ме, балалар?! Балалар амандасады. Аю: Мен өз достарымды шақырайын! (Барабан соғады). Балаларға барабан аспаптары таратылып беріледі. Қоян (шығып): Сәлем, достар! Мен сендерге қонаққа келдім. Ұзынқұлақ сұрқоян Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүзгірді. Аю балаларға барабанды тағы соғып, ойнауды ұсынады. Көңілді әуен ойналып, ортаға түлкі шығады. Түлкі: Мен сұлу түлкімін, Жай өтпес бір күнім, Ішінде жүремін Айғай-шу, күлкінің! Достар, бәріміз көңілді ойын ойнайық! «Қояндар мен аю» ойыны («Қояндар маршы») А. Райымқұлова) Әуенге сай жануарлардың қимылын көрсетуді, шапшаң қимылдауды үйретуді жалғастыру. Балалардың ойынға белсене қатысуын бақылау.	
IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	Ертегі кейіпкерлерінің жүрісі қандай екен? Барабанның дауысы қалай шығады? Сылдырмақтың дауысы қандай? Сұрақтар қою арқылы ҮІӘ пысықтау. Балалар, аюға өте көңілді болды, рақмет. Аю мен қоштасып, шығарып салайық.	

«Бекітемін» 
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК «
менгерушісі А.М.Жанекешова

Қаралды: 
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
әдіскері Ж.Ж.Сагизбаева

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің ақпан айына арналған циклограммасы

2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 02.02 – 06.02.2026; 09.02 – 13.02.2026ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Сагизбаева Ж.Ж.

Ақпан

Міндеті	<i>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейінкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</i>	
ҰІӨ тақырыбы:	Ақ әжем	
Күні:	2 сағат	
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ-нің мақсаты:	<i>Шығарманы тыңдап, сипаты мен мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытуға, музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, әуені мен айтуға үйрету; жұптаса отырып би қимылдарын орындауға, ұрмалы-шулы аспаптардың дыбысталуын ажыратуға және атауға үйрету. Әжелерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>Әуенге ілесе жұптаса отырып би қимылдарын орындайды; музыкалық аспаптарды ажыратады, атайды; Музыкалық сүйемелдеусіз ән салады.</i>	
Тілдік мақсат:	бесік, бесікке бөлеу	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	<i>Ұнтаспада күй (педагогтің таңдауымен) ойналып, балалар көңілді кіреді. Балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады. Әуен қарқынының өзгеруіне байланысты бірінің артынан бірі жүріп, таныс би қимылдарын орындайды.</i>	<i>бесік, қуыршақ, тайт ұяқ, асатаяқ, нотахре стоматиясы.</i>
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут	<i>Ортаға «әже» келеді, амандасады. Балалар әженің айналасына дөңгелене отырады. Бесікке салу дәстүрін көрсетуді ұсынады. Әже бесіктің пайдасы туралы әңгімелейді. Қуыршақты бесікке жатқызады, бесікке бөлеуді көрсетеді. Әже: Әлди-әлди, бөпешім, Ақ бесікке бөледім, Ай мен күнге теңедім, Әлди-әлди, жанарым Мақтанышы ананың. Әлпештеген қарағым, Таза болсын жанарың. (А. Асылбек) Музыка тыңдау: «Әй-әйбөпем» (халық әні, Қ. Шілдебаев) Ақырын дауыста бесік жыры орындалады, әже бесікті тербетеді. Балалардан тыныштық сақтауын ескертеді. Сабырлы әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға баулу. Ән айту: «Ақәжем» (К. Қуатбаев, О. Әубәкіров) Педагог әнді айтып береді. Балаларға алдымен мәтінін қайталап, әуенмен қосып үйретеді. Әжелерді сыйлап, құрметтеу қажеттігін түсіндіру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Бигешақыру» (А. Тоқсанбаев) Ұлдар аяқтарын музыка ырғағына сай көтере басып, жұптарын биге шақырады. Аяқтарын топылдатады, жұптасып айналады. «Тай тұяқпен асатаяқ» ойыны (А. Райымқұлова, А. Асылбек) Тайтұяқ пен асатаяқтың дыбысталуын ажыратуға үйрету. Балалар шеңбер бойымен тұрып, бастаушы тағайындалады.</i>	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	<i>Бүгін қандай ән тыңдадыңдар? Әннің сипаты қандай екен? Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.</i>	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы


Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
Балалардың жасы: 2жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 16.02 – 20.02.2026ж

Қаралды: *ЖЖ*
Әдіскер: Сагизбаева Ж.Ж.

ҰІӘ тақырыбы:	Әй-әй ата	
Күні:	1 сағат	
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің мақсаты:	Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; әнді музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында орындауға үйрету; жұптаса таныс би қимылдарын қайталау; отбасы мүшелеріне сыйластықпен қарауға, құрметтеуге тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже:	Жұптаса отырып, таныс би қимылдарын қайталайды; Музыканытың дағдысын меңгереді; Әнді бір қарқында сүйемелдеумен орындайды.	
Тілдік мақсат:	отбасы	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Педагогтің таңдауымен таныс марш әуені ойналады. Марш екпінімен аяқтарының басып, адымдай жүруді ұсынады.	Отбасы мүшелері бейнеленген суреттер, нота хрестоматиясы.
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмысминут	Отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді көрсетіп, өз отбасы мүшелері туралы қысқаша әңгімелеуді ұсынады. Музыка тыңдау: «Хайләйлім» (өңдеген Б.Дәлденбай) Халық әуенін тыңдап, шығарманың көңіл күйін эмоциямен қабылдайды. Әуеннің сипатын түсініп, көңілді, қуанышты сезімде болады Атам менің аманда «Мейірімді бол» дейді. Ақыл сөзі санамда, Жасы үлкенге жол берем! Әнайту: «Әй-әйата» (Ө. Байділдаев, Ж. Смақов) Педагог әнді орындайды. Мәтінін қайталатып, сөздерді анық айтуға үйрету. Үлкендермен қосыла әннің әуенін бірге орындау. Атаның отбасындағы ең үлкен, қадірлі адам екенін түсіндіру. Балаларға таныс «Ақ әжем» (К. Қуатбаев, О. Әубәкіров) әнін қайталау, ескетіріу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Бигешақыру» (А. Тоқсанбаев) Таныс би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Жұптасып билеп, би ырғағына сай қозғалуға үйрету. «Кім шатиаң?» ойыны («Балалар биі» А. Майкапар) Ойынға құрсаулар және сылдырмақтар қолданылады. Әуеннің басталуы мен аяқталуын тыңдай білуге үйрету.	
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып, мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 23.02 – 27.02.2026ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Аденова А.А

ҰІӘ тақырыбы:	Анашым	
Күні:	1 сағат	
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің мақсаты:	Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау; әуеннің басталуымен Аяқталуына мән беріп, бірге ән салуға үйрету; би қарқынын өзгерте отырып ырғақты сезіне қимылдауға үйрету. Анасына сүйіспеншілігін арттыру.	
Күтілетін нәтиже:	ырғақты сезіне, би қимылдарын орындайды; музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды; әуеннің басталуымен аяқталуына мән береді.	
Тілдік мақсат:	мереке	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Өткен сабақтағы әндерді қайталау, еске түсіру, тыңдаған шығармалар не жайында болғанын еске түсіру. Ырғақты әндерге қосылып қимыл-қозғалыстар жасау.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Музыка залында көңілді әуенмен қарсы алады. «Жай және жылдам» (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек) ән-ойыны қайталанайды. 1-бөлім педагогтің көрсетуімен әуенге қосыла жай және тез екпінде шапалақтау. 2-бөлімде аяқты жай және тез топылдау..	Аналар мен балалар суреттері, баласаны мен гүлдер, нотахрестоматиясы.
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмысминут	Анасы мен баласы бейнеленген көрнекілік суреттер көрсету, әңгімелеу Анашым, анам, Тіліңді алам. Өскенде ертең Қорғаның болам! Музыка тыңдау: «Ақмамам» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек) Әнді тыңдап, нәзік, сабырлы сипатын сезінеді. Анаға деген сүйіспеншілік сезімдері туралы әңгімелеу. Ән айту: «Мерекеңмен, анашым» (Б.Қыдырбек, И.Сапарбай) Әнді орындап беріп, мәтіні туралы түсіндіру. Екінші рет орындалғанда әннің әуеніне қосылып айтуға үйрету. 1-шумақ сөздерін үйрету. Ән айту ережелерін еске салу. Таныс әндерді еске түсіру. «Ақәжем» (К. Қуатбаев, О.Әубәкіров)(қайталау). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская). Гүлдер ұстап шеңбер бойымен тұру, тербелу, бір орында айналу, шеңбердің ортасына жиналу, кейін қарай шегініп, шеңберді үлкейту. Қарапайым би элементтерін қайталау. «Кім шапшаң?» ойыны («Балаларбиі» А. Майкапар) Ойынға құрсаулар және сылдырмақтар қолданылады. Әуеннің басталуы мен аяқталуын тыңдай білуге, шапшаңдыққа үйретуді жалғастыру.	
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	Анамызға арнап қандай ән айтамыз? Аналарға қандай сыйлық береміз? Аналарға арнап «Анамағұл» атты сурет көрмесін ұйымдастыруды ұсыну. Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады.	

«Бекітемін» 
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК «
менгерушісі А.М.Жанекешова


Қаралды: 
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
әдіскері Ж.Ж.Сағизбаева

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің наурыз айына арналған циклограммасы

2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 02.03 – 06.03.2026ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Аленова А.А

Наурыз

Міндеті	<i>Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Өнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу</i>	
ҰІӘ тақырыбы:	Шуақты көктем	
Күні:	I сағат	
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің мақсаты:	<i>Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысын түсіндіру; ұнтаспадан музыка тыңдау; вальс екпініндегі би қимылдарын үйретуді жалғастыру; музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз сипатына сай ән салуға және ойындарға таныс би қимылдарын қолдана білуге үйрету.</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>Биге және ойындарға таныс би қимылдарын жасайды; Әннің қарқынын, сипатына жырлатып, әуені мен айтады.</i>	
Тілдік мақсат:	көктем, шуақ	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	<i>Өткен іс-әрекет кезінде бастап үйренген көрініс биді естеріне түсіріп, әрі қарай жалғастырып үйренеді.</i>	
	ҰІӘ өтілу барысы	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	<i>Балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады, таныс әуен ырғағы мен («Марш»Е.Брусиловский) ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. Біз адымдап жүреміз! Бір,екі, үш! Серуендеп келеміз! Бір,екі, үш! Балалардың қосылуын сұрайды.</i>	<i>көктем мезгілі және құстардың суреттері немесе слайд, биге қолданылатын гүлдер, нота хрестоматиясы.</i>
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмысминут	<i>Суреттер көрсетіліп, көктем мезгілі туралы әңгімелеу. Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі гүлдер! Балалардың назарын алдын ала дайындалған гүлдерге аударады. Көктем қандай тамаша! Алуан гүлдер тұр тұнып, Демалайық отырып, – деп, демалуға тырады. Музыка тыңдау: Ұнтаспадан құстардың дауысын тыңдау. Балалар, дауысты естіп тұрсыңдарма? Құстар қалай дыбыстайды екен? Қандай құстарды білесіңдер? (Құстардың суретін немесе слайд көрсету). Құстар қалай ұшады? Өн айту: «Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбек) әнінің I-шумағын орындап береді. Өнді екінші реет орындағанда балаларға тәрбиеші мәтінге сай қимылдарды көрсетеді. «Мерекең мен анашым» (Б.Қыдырбек, И.Сапарбай) әнін қайталау, еске түсіру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Қандай қызық көктемде, Күн шуағын төккенде, Гүл терейік алуан, Шығып алып бөктерге! – деп, гүлдер алуды ұсынады. «Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) (қайталау) қимылдарын көрсетіп, балаларды биге машықтандырады.</i>	

	<p><i>«Балалар мен жаңбыр» ойыны («Жаңбыр» Г.Абдрахманова, «Полька»П. Чайковский) «Жаңбыр» жауғанда «тамшылар» таяқшаларын алып, педагог балаларды айнала жеңіл жүгіреді. Балалар қолишатыр астына жасырынады. Бәрі: Жаңбыр, жаңбыр, төк-төк! Болсын егін көп-көп! Көңілді полька ойналады. Күннің көзі ашылды, Алтын нұры шашылды!– деп зал ортасында көңілді секіріп, өз еріктерінше билейді. Ойын 2-3 рет қайталанады.</i></p>	
<p>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут</p>	<p><i>Құстар қалай әндетеді екен? Гүлдер қандай түсті? Сендерге әдемі көктем гүлдерін сыйлаймын. Алдын ала түрлі түсті қағаздан қиылған гүлдер сыйлайды.</i></p>	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы


Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 10.03 – 13.03.2026; 16.03 – 20.03.26ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Адемова А.А

ҰІӘ тақырыбы:		Наурыз–думан
Күні:		2 сағат
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің мақсаты:	<i>Наурыз мерекесі туралы, қазақтың салт-дәстүрі жайында түсінік беру; әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, табиғи дауыспен айтуға; ұлттық би элементтерінің Қарапайым түрлерін орындауға, таныс би қимылдарын қайталай білуге үйрету; музыкалық ұрмалы аспаптардың дыбыстау динамикасын ажыратуға баулу.</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындайды; аспаптардың дыбыстау динамикасын ажыратады; әнді бірге бастап, бірге аяқталуына мән береді.</i>	
Тілдік мақсат:	<i>наурыз</i>	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	<i>Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді</i>	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	<i>Педагог балаларды көңілді қарсы алады. Үнтаспадан «Хош келдің, төрлет, Наурызым!» (Б. Бейсенова) әні орындалады. Балалар ересектердің көмегімен екеуден қол ұстасып, шеңбер бойымен жүреді, қол шапалақтайды, бір орында тұрып тербеледі, айналады. Жұптасып, би қимылдарын әуен ырғағы мен қайталайды.</i>	<i>Наурыз мерекесін бейнелейтін суреттер, тайтұяқ пен асатаяқ аспаптары, нотах рестоматиясы</i>
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмысминут	<i>Үнтаспада күй ойналып, залға бауырсақ алып әже кіреді. Балалармен амандасып, Наурыз мерекесімен құттықтайды. Наурыз мерекесі туралы сурет немесе слайд көрсетіліп, Қысқаша әңгімелейді. Педагог әжеге рақмет айтып, мерекеде ән тыңдауды ұсынады. Музыка тыңдау: «Бауырсақ»(Ә.Бейсеуов, Н. Арынова) Балалар педагогтің орындауындағы шығарманы мұқият тыңдап, әннің мазмұнын түсініп, сипатына сай эмоциямен қабылдайды. <i>Наурыз келді, балақай, Ән шырқайық, алақай!</i> Ән айту. «Наурыз» (А. Досмағамбетова, орыс тіліне ауд. В. Франк) Ән бірінші ересектердің орындауында айтылады. Екінші рет орындап, әннің мәтінін қайталатып, сөздерін анық айтуларын қадағалайды. Одан кейін мағынасы мен әуеніне сай қимылдар көрсетіледі. Балаларға таныс «Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбек) әнін ескетүсіріп, қайталауды ұсынады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Би» (Л. Хамиди) – жас ерекшеліктеріне сай ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін көрсетіп, билеуге үйрету.</i>	
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	<i>Наурыз – береке, Құтты болсын мереке! Әрқашан, әрқашан Мол болсын дастарқан! Әженің батасын тыңдап, балалар рақмет айтады. Педагог бүгінгі күннің ерекше көңілді болғанын, балалардың өте жақсы би билеп, айнайтқанын атап өтеді. Әжемен қоштасып, шығарып салады.</i>	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 24.03 – 27.03.2025ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Аденова А.А

ҰІӘ тақырыбы:	Әдемікөбелек	
Күні:	1 сағат	
Сынып/ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің мақсаты:	Музыкалық шығарманы тыңдап, эмоциямен қабылдауға; дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу; қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету.	
Күтілетін нәтиже:	қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақпен билейді музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды; музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтады.	
Тілдік мақсат:	көбелек, гүлзар	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Балалар өткен сабақтарда айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша поурри айтады.	

ҰІӘ өтілу барысы

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут</p> <p>II. Ұйымдастыру 3-5 минут</p>	<p>Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Балаларға гүлдер алып, би билеуді ұсынады. «Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) (қайталау). Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл, еркін қимылдауларын қадағалайды.</p>	<p>себетке салынған гүл шоқтары, сымға қондырылған қағазд анжасалған көбелек, нота хрестоматиясы.</p>
<p>ҰІӘ-нің ортасы</p> <p>III. Тақырып бойынша жұмыс минут</p>	<p>Педагог сымға қондырылған көбелекті «ұшырып» әкеледі. Үнтаспада вальс ойналып, көбелек сымын ырғақпен қозғайды. Көктем қандай көрікті, Балақайлар көріпті. Дала гүлге толыпты, Көбелек гүлге қоныпты!– деп, көбелекті гүлдерге қондырады.</p> <p>– Балалар, біздің бақиамызға әдемі көбелек ұшып келді. Қандай әдемі көбелек! Қанаттары құлпырып, көз тартады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық.</p> <p>– Музыка тыңдау: «Вальс» (үнтаспадан муз. жетекшісінің таңдауымен). Балалар музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Әуенді тыңдап, қызығушылықтары артады. Ән айту: «Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбек) Педагог әнінің I-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда мәтініне сәйкестәрбиешімен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды. Әннің бірінші шумағының сөзін үйретіп, анық айтуға үйретеді. «Наурыз» (А. Досмағамбетова, орыс тіліне ауд. В. Франк) (қайталау).</p> <p>Балалар, көбелектер қалай ұшады? Олардың қанаттары қалай созылады екен?</p> <p>Ал енді көбелектер сияқты би билеп үйренейік. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көбелек» (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан). Әуенге ілесе би қимылдарының мәнерлі, жеңіл орындалуын қадағалау. «Гүлзардағы көбелектер» ойыны (музыкасы педагогтің таңдауымен). Көбелек-ау, көбелек, Ұшасың сен көлбеңдеп. Қызыл, жасыл керемет Гүлге қоншы, көбелек!– деп балаларды ойынға шақырады. «Вальс» ойналып, ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен тоқтағанда көбелектер гүлдерге «қонады». Балалардың қызығушылығын арттыруға ықпал ету. Ойын қайталанғанда, өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік береді.</p>	

IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	<i>Қандай көбелектер бар екен? Көбелектердің жеңіл вальс әуенімен билегенін, үйренген әннің көңілді сипатта екенін еске түсіреді. Залдан әуен ырғағы мен көбелектер болып «ұшып» шығуды ұсынады.</i>	
--------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--

«Бекітемін»
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК «
менгерушісі Ж.Ж. Сағызбаева



Қаралды: 
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
әдіскері А.А. Аденова

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің сәуір айына арналған циклограммасы

2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
Балалардың жасы: 2жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 30.03-03.04.2026; 06.04-10.04.2026ж

Қаралды: 
Әдіскер: Аденова А.А

<i>Сәуір</i>	
Міндеті	<i>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейінкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</i>
ҰІӨ тақырыбы:	<i>Не қалай дыбыстайды?</i>
Күні:	<i>2 сағат</i>
ТОП:	<i>Қатысқан балалар саны:</i>
ҰІӨ-нің мақсаты:	<i>Әртүрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдап, ажыратуға; ауыспалы ән сипатын ажырата білуге, хормен ән айтуға дағдыландыру; музыка сипатына сәйкесеркін қимылдауға, үй жануарларының қимылдарын көрсете білуге үйрету.</i>
Күтілетін нәтиже:	<i>Би қимылдарын орындайды, жануарлардың қимылдарын көрсетеді; музыканы тыңдап, сипаты мен ырғағын ажыратады; әнді бірге, хормен орындайды.</i>
Тілдік мақсат:	<i>лақ, бота</i>
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	<i>Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді</i>

<i>ҰІӨ өтілу барысы</i>		
<i>Жоспарланған уақыт</i>	<i>Жоспарланған іс-әрекет</i>	<i>Ресурстар</i>
<i>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут</i>	<i>Балаларға шеңбер бойымен бір-бірінің артынан, салтаттыдай, жеңіл секіре басып, «шабуды» ұсынады. «Төрттаған» (Б.Дәлденбай)</i>	<i>үй жануарларының суреттері, ойынға арналған текшелер; гүлдер; нота хрестоматиясы</i>
<i>ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмысминут</i>	<i>Үй жануарларының суреттері көрсетіледі. Олардың төлдерінің атауын білуге үйрету. «Не қалайды быстайды?» ойыны арқылы балаларға сұрақтар қояды. Секеңдеген лағым, Лағым менің, шұнағым, Лақ қалайды быстайды? Балаларға лақтың суретін көрсетіп, «лақ маңырайды» деп түсіндіреді. Күзетші күшік Саққұлақ, Үй күзетіп шапқылап, Дыбыс шықса қаттырақ, Қалай, қалай үреді? Сұрақтар жалғасады. Музыка тыңдау: «Төлдерді шақыру» (Д. Ботбаев, А. Асылбек) Ересектердің орындауында әнді тыңдап, мәтіні бойынша әңгімелеу. Ән айту: «Төлдер» (Б. Физатов, Е. Өмірбеков) Әннің қандай сипатта, екпінде екенін сұрау. Сөздерін қайталап, үлкендермен қосылып айтуға үйрету. Балаларға таныс әндерін еске түсіріп, қайталауды ұсынады. «Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбеков), «Наурыз» (А. Досмағамбетова) Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көбелек» (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан) Би қимылдарын қайталау, бірге қозғалып билеуге үйретуді жалғастыру. «Төлдердің анасын тап» ойыны (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан). Үй жануарларының қимыл-қозғалысын, дыбыстауын көрсету. Суретке қарап, «Бұл не?» деген сұраққа жауап беріп, текшедегі төлдің суретін енесінің суретінің қасына тауып қою. Мысалы: Қара көзі мөлдіреп, Жібек жүні үлбіреп, Анасын іздеп келеді. Бұл не? Дұрыс жауап берген бала әуенге ілесе төлдің қимылын салып береді.</i>	
<i>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия</i>	<i>Қандай төлдер бар екен? Олар қалай дыбыстайды? Қалай жүреді екен? «Төлдер» әні қалай орындалды? – деген сұрақтар қойып, еске сақтауларына ықпал етеді.</i>	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: : 13.04-17.04.2026ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Аленова А.А

ҰІӨ тақырыбы:		<i>Аспаптар әлемі</i>
Күні:		1 сағат
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ-нің мақсаты:	<i>Музыкалық ойыншық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) дыбысшығаруын ажырата білуге; әннің мазмұнын түсініп, музыкалық сүйемелдеумен «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; бір-бірлеп би қимылдарын жасауға, әуен ырғағына, мәтініне сай ойыншықтар мен қуыршақтарды қолдана таныс би қимылдарын орындауға үйрету.</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>таныс би қимылдарын бір-бірден және жұптаса билейді музыкалық аспаптардың дыбыстарын ажыратады; әнді эмоциямен қабылдап орындайды.</i>	
Тілдік мақсат:	<i>қоңырау</i>	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	<i>Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді</i>	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	<i>«Марш» (Е. Брусиловский) әуенімен балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады, әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. Балалардың ырғақты тыңдап, тізені көтере жүруін қадағалайды.</i>	<i>барабан, бубен, сылдырмақ аспаптары, нотахрестоматиясы</i>
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс минут	<i>Барабан аспабын көрсетіп, ойналу әдісімен таныстыру. Балаларға барабан туралы шығарманы тыңдауды ұсынады. Тара-рам, тара-рам, Ойнайды барабан! Музыка тыңдау: «Барабан» (Г. Левкодимов) Шығарманы тыңдап, ырғағын шапалақпен көрсетуді ұсынады. Әуеннің сипатын, көңілкүйін сезініп ажырата білуге үйрету. Балалар пьесаны эмоциямен қабылдайды. Қуыршақтар әдемі Бәрімізде бар енді. Бәрінен де бақшамыз Ойыншықтар әлемі! Ән айту: «Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов) әнін орындап береді. Әнді екінші рет орындап, балаларға ойыншық, қуыршақтармен мәтінге сай қимыл-қозғалыс жасауға үйрету. Әннің ауыспалы сипатына байланысты балалар мимикалық қимылдар (жымияу, қабақтүют.б.) жасайды. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көбелек» (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан). Бидің сипатына сәйкес мәнерлі билеуге үйрету, таныс би қимылдарын өз беттерінше билеуге мүмкіндік беру. «Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны (Муздидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспаптардың (барабан, сылдырмақ, бубен) дауыстарын ажырату.</i>	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	Қорытынды бөлім. Рефлексия <i>Қандай ән тыңдадыңдар? Әннің сипаты қандай екен? Дүкенде қандай аспаптар бар екен? Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып, мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салады.</i>	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: : 20.04-24.04.2026ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Аленова А.А

ҰІӨ тақырыбы:	<i>Кәне,қызық ойынбар</i>	
Күні:	<i>1 сағат</i>	
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ-нің мақсаты:	<i>Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру; шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; музыка ырғағына сай жұптасаби қимылдарын орындауға баулу, қуанышты көңілкүй, шаттық сезімінояту.</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>Музыка ырғағына сай жұптаса билейді; түсінеді: шығарманы эмоциямен қабылдайды; қолданады: әннің көңілді сипатына сай сүйемелдеу мен ән айтады.</i>	
Тілдік мақсат:	<i>бөбек</i>	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	<i>Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді.</i>	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	<i>Балаларды көңілді қарсы алады. Кәне, кәне, тұрыңдар, Үлкен шеңбер құрыңдар! Қанатты кең жайыңдар! «Көбелек» биін (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан) қайталауды ұсынады. Би қимылдарын қайталау, өз беттерінше еркін билеуге мүмкіндік беру.</i>	<i>мәшине,бағд ариам суреттері,н отахрестом атиясы.</i>
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмысминут	<i>Музыка тыңдау:«Мәшине»(К. Қуатбаев,Т. Тұяқбаев) Әннің мазмұны мен әуенінің ырғағын ажыратуға үйрену. Мәшине, бағдаршам суреттерін көрсету,әңгімелеу. Жол ережелері туралытүсінік беру. Ән айту: «Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, Ю.Энтин, аударған И. Сапарбай)Әннің әуенін үйрену, мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйрету. Айғайламай, дауысқа күштіүсірмей дұрыс айтуға дағдыландыру. Өткен әндерді қайталау. Таныс әндерді естеріне түсіріп, сөздерін анық, таза айтуына мән беру. Таныс әндерді қалаулары бойынша қайталау. «Ойыншықтар»(И.Нүсіпбаев,Н.Әлімқұлов) Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Бөбектербиі» (К.Қуатбаев) Балалар жұптасып тұрады. 1-бөлімде бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл серіппелі қимыл жасайды. 2-бөлімдеқол ұстасып айналады. Кел, ойнайық, ойнайық, Қызыққа бір тоймайық!– деп ойынға шақырады. «Жай және жылдам» ойыны (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек) Ән-ойын мәтініне сәйкес 1-шумақта жай және тез қол шапалақтау. 2-шумағында жай және тез аяқ топылдату. Әуен ырғағын ажыратып, еркін қозғалуға үйрету.</i>	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	<i>Қорытынды бөлім.Рефлексия - Бүгін қандай ән тыңдадыңдар? - Кімге би билеген ұнады? - Ал кімге ойын ұнады? Бүгінгі күннің өте көңілді болғанын айтып, қоштасып, көңілді шығарып салу.</i>	

«Бекітемін»
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК «
менгерушісі Ж. А. Сағызбаева




Қаралды: *Handwritten signature*
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
әдіскері А.А.Аденова

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің мамыр айына арналған циклограммасы

2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: : 04.05-08.05.2026ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Аденбаева А.А

Мамыр	
Міндеті	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.
ҰІӘ тақырыбы:	Қуыршақ Айжанмен билейміз
Күні:	Ісағат
ТОП:	Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің мақсаты:	Баяу, жай сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін, қарқынын тыңдап ажыратуға; әнді дыбыстардың биіктігіне қарай хормен орындауға баулу; би қимылдарының қарқынын өзгерте, жұптаса мәнерлі билеуге дағдыландыру.
Күтілетін нәтиже:	жұптаса ауыса отырып би қимылдарын орындайды; музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды; әнді бірге бастап, хормен айтады
Тілдік мақсат:	жай-жай, тез-тез
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Өткен әндерді естеріне түсіріп, қайталап айтады.

ҰІӘ өтілу барысы

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	«Бөбектер биі» (К. Қуатбаев) жұп биін билеуді ұсынады. 1-бөлімде бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл серіппелі қимыл жасайды. 2-бөлімде қол ұстасып айналады. Ырғақты сезіне би қимылдарын бірге орындайды.	Қуыршақ Айжан, түсті шашақтар-«әшекейлер», нота хрестоматиясы
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмысминут	Педагог қуыршақ Айжанды алып ортаға шығады. Балалар, бүгін бізге қуыршақ Айжан қонаққа келді. Сендермен бірге ойнап, ән тың дағысыкеледі. Кәне, қуыршақ Айжанға «Бессаусақ» санамағын айтып берейікші. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен! Қуыршақпен бірге бесік жырын тыңдаңдар, – деп ұсыныс жасайды. Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ж. Тұрсынбаев, Е. Өтетілеуұлы) Сабырлы сипаттағы әнді тыңдап, бесік жыры бөбектерді ұйықтатын кезде айтылатынын түсіндіру. Қуыршақ Айжанды бесік жырының әуенімен ұйықтату. Балалар, енді Айжанға ән айтып берейік. Ән айту: «Қайсыекен?» (Б. Дәлденбай, А. Меңжанова) Әнді орындап, әуенін, бірінші шумағын үйрету. Әнді екінші рет орындағанда балалар шеңбер бойымен тұрып, тәрбиешінің көрсетуімен мәтінге сәйкес қимылдарды жасайды. «Кәне, қызық ойынбар» таныс әнді қайталау, бірге қосыла айтуға үйретуді жалғастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Түсті шашақпен би» (А. Жилинский). Шеңбер бойымен тұрып, түсті шашақтарын көтеріп, тербеле қозғалады. Аяқ ұшымен жеңіл жүгіреді. Қолдарындағы шашақтарын арқаларына жасырады. Шеңберді кішірейтіп, әуенауысқанда үлкейтеді. «Жай және жылдам» ән-ойыны (Е. Хасанғалиев)	

Балаларға әннің мәтініне және ырғағына байланысты «жай» және «тез» шапалақтап, аяқтарын топылдату қимылдарын қайталату. Балаларға жеке сөздерге қосылып, әндете айтуды ұсынады.

IV. ҮІӘ-нің қорытындысы.
Рефлексия
..... минут

*Қуыршақ Айжанның билегені ұнадыма?
Аяқтарын қалай топылдатады?
Тез-тез қалай қол шапалақтайды екен?
Жауаптарына ризашылығын білдіреді. Қуыршақ Айжанмен қоштасып, шығарып салады.*

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 11.05-15.05.2026; 18.05-22.05.2026ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Аденова А.А

ҰІӨ тақырыбы:	Көңілді би	
Күні:	2сағат	
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ-нің мақсаты:	Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдап, еске сақтауға; шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; көңілді әуенге жұптаса отырып би қимылдарын орындау.	
Күтілетін нәтиже:	жұптаса ауыса отырып би қимылдарын орындайды; шығарманың сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салады; әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді.	
Тілдік мақсат:	пойыз, паровоз	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Балаларды көңілді қарсы алады. Педагог: Әшекейлер әдемі, Бірге тербеледі. Қолымызда жарқырап, Сәнге бөленеді. «Түсті шашақ пен би» (А. Жилинский) Педагогтің көрсетуімен би қайталанады. Әшекейлерді дұрыс ұстап, би қимылдарын еске түсіріп, әуен ырғағымен билеуге үйрету.	Түсті шашақтар- «әшекейлер», ысқырық, нотахрестоматиясы.
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмысминут	Музыка тыңдау: «Илигай» (өңдеген Б.Дәлденбай) Сабырлы әуеннің сипаты мен көңіл күйін сезініп, қызығушылықтарын арттыру. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Біз бақытты баламыз, Шырқап әнге саламыз, – деп, ән айтуды ұйымдастыру. Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (А. Айтуова) Педагог әнді айтып береді. Әннің басталуы мен аяқталуына мән беру. Әннің қандай сипатта, екпінде орындалатынын сұрау. Сөздерін қайталап, үлкендермен қосылып айтуға үйрету. Таныс әнді қайталау, еске сақтау. «Қайсы екен?» (Б.Дәлденбай) (қайталау). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кел, билейік» (Ө. Байділдаев) («Билеп үйренейік» жинағынан). Балалардың жұптасып тұруларын, би қимылдарын ырғақпен сезіне, музыканың сипатын игере мәнерлі орындауға үйрету. Шығарманың 1-бөлімінде қол ұстасып айналу, 2-бөлімде оң және сол аяқ өкшелерін кезек алға қою қимылдары қайталанады. «Пойыз» ән-ойыны (К. Қуатбаев, Ж. Смақов) Пойызға біз барайық, Отырып орын алайық! Ал паровоз бастайды, Ән айтып біз қостайық! Пыш-пыш, пух-пух! Балалар вагондар құрып, тізбектеле тұрады. Паровоз-бастаушы тағайындалып, оғанысқырық беріледі. Балалар-«вагондар» әуен ырғағымен аяқтарын топылдата жүреді. Әуен тоқтағанда, паровоз «тшиш!» деген дыбыс беріп, «вагондар» тоқтайды. Ойын 2-3 рет қайталанады.	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия минут	ҰІӨ-не қысқаша шолу жасау. Қандай ән тыңдадыңдар? Әннің сипаты қандай екен? Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Кіші «Ақбота» «Бөбек» тобы
 Балалардың жасы: 2жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 25.05-29.05.2026ж

Қаралды: 
 Әліскер: Аденова А.А

ҮІӘ тақырыбы:		<i>Ғажайып сылдырмақтар</i>
Күні:		<i>1 сағат</i>
ТОП:		Қатысқан балалар саны:
ҮІӘ-нің мақсаты:	<i>Көңілді әуенді тыңдап, сипатын анықтай білуге, дыбыстарды биіктігіне қарай ажырата отырып, хормен бірге қосыла ән айтуға; жұптаса отырып таныс би қимылдарын өз беттерінше орындауға үйрету; көңілді сипаттағы әуенді ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру.</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>Жұптаса би қимылдарын көрсетеді; түсінеді: музыканы тыңдау дағдысын меңгереді; қолданады: музыкалық шығарманы эмоциямен орындайды</i>	
Тілдік мақсат:	<i>сылдыр-сылдыр, әні, сәні, әдемі</i>	
Өткен ҮІӘ-нен алған білім	<i>Әуеннің түрлі бөлімдерін және дыбыс биіктігін ажыратуды, әнді жеке және хормен мәнерлеп айтуды біледі Ауыспалы әуенге сай би қимылдарын көрсетуді, әнді сипатына, көңіл күйіне сәйкес орындауды біледі</i>	
ҮІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут	<i>Үнтаспада көңілді ән (педагогтің таңдауымен) орындалып, балалар залға көтеріңкі көңіл күймен кіреді. Балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды. Қол ұстасып, зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды.</i>	<i>сылдырмақтар, безендірілген қорап, нота хрестоматиясы</i>
II. Ұйымдастыру 3-5 минут		
ҮІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмысминут	<i>Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдап, есте сақтауға, сезіне білуге үйрету. Шығарманың қарқынын, көңіл күйін анықтауға баулу. Музыка тыңдау: «Латышхалықәні» (А.Жилинский) Әуен аяқталысымен залдың ортасына безендірілген қорап әкелініп, балалардың көңілін аударлады. Мынау әдемі қорапта не бар екен? Келіңдер, бірге ашып көрейік, – деп балалардың қызығушылығын арттырады. Педагог қораптан сылдырмақтарды алып көрсетеді. Қызыл, жасыл сылдырмақ, Үнқатады сылдырлап. (Сылдырмақты алып, қозғап, ойнап көрсетеді) Сылдырмақты алайық, Әсем әнгесалайық! Ән айту. «Біз бақытты баламыз» (А. Айтуова) Ән ырғағына сәйкес сылдырмақты бірге сілке қозғау. Әннің көңілді сипатын сезіне орындауға үйретуді жалғастыру. Балалардың қалауынша таныс әндерді еске түсіру, қайталау. «Қайсы екен?» (Б.Дәлденбай, А.Меңжанова), «Ойыншықтар» (И.Нүсіпбаев, Н.Әлімқұлов) Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кел, билейік» (Ө. Байділдаев) («Билеп үйренейік» жинағынан) Би қимылдарын ырғақпен сезіне орындауға, жұптаса отыра музыканың сипатын игере орындауға үйретуді жалғастыру. Ортада әлі ойын бар, Қәне, шыға қойыңдар! – деп әндетіп, балаларды келесі ойынға шақырады. «Балалар биі» (А. Майкапар) педагогтің көрсетуімен ұйымдастырылады. Екі бөлімді әуенге өз беттерінше қимылдарды ауыстыра білуге үйретеді. Балаларға ойын соңында құрсауларға кіріп, жасырынып үлгеру керек екенін түсіндіреді. Ойын 2-3 рет қайталанады.</i>	
IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия... мин	<i>–Сылдырмақтың дауысы қандай? –Бүгінгі үйренген әніміз не туралы екен? Үйренген әннің көңілді сипатта екенін түсіндіреді. Сұрақтар қою арқылы ҮІӘ бекіту.</i>	

